

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы

Академия Ғылыми Кеңесінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
шешімімен бекітілген,
№ 12 хаттама

**«7M04121 – Іскерлік әкімшілендіру магистрі» (Executive MBA)
магистратураның білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04121 – Іскерлік әкімшілендіру магистрі» магистратураның білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл (модульдік нысаны)

3. Кредиттер саны (ECTS): 65

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Магистратураның «Іскерлік әкімшілік магистрі» бағдарламасы басқарушылық және көшбасшылық дағдыларды жақсартуға, қазіргі заманғы бизнес-процестер арасындағы өзара байланысты түсінуге, менеджмент саласында жоғары сапалы білім алуға, өзекті білім мен басқару дағдыларын меңгеруге ұмтылатын кәсіби басқарушылар мен басшыларға арналған және корпоративтік, мемлекеттік секторлардың өкілдері үшін диалог алаңын құруға, бизнес пен мемлекеттік органдардың тікелей коммуникациясына, осы құрылымдардың әдіс-тәсілдерімен өзара алмасуға бағытталған.

Магистр дәрежесін алу үшін 65 кредиті игеру және магистрлік жобаны қорғау талап етіледі.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Қазіргі заманғы бизнес-ойлау қабілеті, басқару саласында білімі мен практикалық дағдылары бар, жоғары деңгейдегі мақсаттылықпен әрекет ете отырып және әлеуметтік-жауапты іскерлік тәжірибені ілгерілетіп отырып, ұйымды дамытуға қабілетті басқарушыларды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- жаһандық және стратегиялық пайым дағдыларын дамыту;
- нақты бизнес-міндеттерді анықтау, талдау және шешу дағдыларын қалыптастыру;
- белгісіздік жағдайында қауіп-қатерді ескере отырып, басқарушылық шешімдерді қабылдау дағдыларын дамыту;
- басқарудың барлық салаларында мықты білім базасын құру және көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- әлеуметтік жауапты басқару түсінігін қалыптастыру;
- тұлғааралық өзара қарым-қатынас және командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- ұйымның даму мақсаты мен векторын анықтауға қабілетті кәсіби көшбасшы құзыреттерін қалыптастыру;
- сарапшылық қоғамдастықты тарта отырып, диалог алаңдарында жан-жақты талқылау арқылы түсінікті тереңдету;
- елдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әл-ауқатын құру және қолдау үшін құзыретті және этикалық шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- мемлекеттік басқару және бизнес саласындағы үздік сарапшы практиктерді оқыту. Жаңашыл зерттеулер мен нақты тәжірибе арқылы олар жаңа академиялық теорияны іскерлік тәжірибемен біріктіреді;

– сабақ барысында нақты уақыт режиміндегі бизнес-мәселелер зерттеледі. Білім алушылар негізгі мәселелер бойынша өзекті ақпарат алады және жұмыс орнында айтарлықтай пайда әкеле отырып, жаңа білімді қолдана алады;

– өзінің кәсіби ортасында білікті тыңдаушылардың өзара іс-қимылы арқылы перспективаларды кеңейту, құнды тәжірибемен және идеялармен алмасу, жұмыс ортасында жаңа идеяларды қолдану;

– Академия оқытушыларының, бизнес-тренерлердің тәлімгерлік, жетекшілік етуі;

– Қазақстанның мемлекеттік органдарында және шетелде практикадан және тағылымдамадан өту мүмкіндігі;

– үштілді оқыту: қазақ, орыс, ағылшын;

– кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілермен, бизнес ортасының өкілдерімен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning).

Бұл бағдарлама өздерінің бизнес құзыреттіліктерін дамытып, тереңдетуге ниетті қызметшілерге арналған. Ыңғайлы модульдік формат икемді оқу процесін жүргізіп, қолайлы оқу темпін құруға мүмкіндік береді.

7. Оқудан күтілетін нәтижелері:

Қызметті тиімді басқару және жеделділік: заманауи технологияларды, әдістер мен құралдарды, тиімді басқару әдістерін қолдана алады. Ұйым қызметін жоспарлау процесінде басқару стратегиясын әзірлеу кезінде алған білімін қолдануға бағдарлау.

Ынтымақтастық: тиімді қарым-қатынасты құра алады, ұйым ішінде және одан тыс өзара іскерлік қарым-қатынасты сақтайды, коммуникативтік әсер етудің әртүрді нысандарын біледі.

Шешім қабылдау: ықтимал қауіп-қатерлер мен салдарларды талдап, болжам жасай алады, сондай-ақ оларды шешудің балама нұсқаларын тауып, таңдай алады, нәтижелерді жүзеге асырады және бағалайды.

Көшбасшылық: компанияның бәсекелестік артықшылықтарын, ұйым қызметінің сыртқы және ішкі факторларын ескере отырып, даму стратегиясын құрады, маңызды шешімдер қабылдауға және жауапкершілік алуға қабілетті

Парасаттылық: этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылай алады, ұжымда сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастырады, қарамағындағы қызметкерлердің іс-әрекеттерінде ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Бастамашылдық: ұйымның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша талдау негізінде ұсыныстар енгізеді.

Стресске төзімділік: сынға сабырлықпен жауап береді, кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды. Сыни жағдайларда қажет емес ақпаратты електен өткізіп, жұмыстағы ахуалды сақтайды.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Модуль	Пәннің атауы	ECTS
1	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	4
	Басқарушылардың тілдік құзыреттілігі (мемлекеттік тілде)	3
	Бизнес-талдау және статистика	3
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	6
1 модуль бойынша барлығы		16
2	Кросс-мәдени менеджмент	4
	Операциялық менеджмент	3

	Кәсіби коммуникациялар және жанжалдарды басқару	3
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	6
2 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		16
3	Бизнес-инновациялар және кәсіпкерлік	3
	Мемлекеттік және корпоративтік қаржы	4
	Мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы	3
	Тағылымдама	2
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	6
3 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		18
4	Мемлекеттік басқарудағы қаржылық менеджмент	3
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)	12
4 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
Теориялық білім+ тағылымдама бойынша барлығы		35
Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		12
Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)		18
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		65